

**Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ**

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



**Ө.А.БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН
МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР және
ЖАБДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ**

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.,

ассистент-профессор

К.К. Елемесов

«20» 05 2019ж



ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Кен қазбаларын таспалы конвейермен тасымалдау жобасын
әзірлеу»

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы

Орындаған:

Аханов Бекнұр Оралханович

Ғылыми жетекші:

Абдыкалыкова Роза Сатмагамбетовна

Алматы 2019

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Технологиялық машиналар және жабдықтары кафедрасы

5B072400 – «Технологиялық машиналар және жабдықтар»



Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы *Аханов Бекнұр Оралханович*

Тақырыбы *Кен қазбаларын таспалы конвейермен тасымалдау жобасын әзірлеу*

Университет басшысының "08" қазан 2018 ж. № 1113-б бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «15» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: *МК20Т колтюбингті қондырғысы*

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлімі: «Молодежная» жер асты кен орнының негізгі геологиялық сипаттамасы келтіріледі.

б) Есептеу бөлімі және арнайы бөлім: негізгі элементтерінің параметрлері есептелінді; патенттік ізденістер жүргізілді.

в) Эксплуатациялық бөлімі: конвейерлерге техникалық қызмет көрсетулер жөнінде қарастырылған.

г) Еңбек қорғау бөлімі: қауіпсіздік шаралары және еңбек қорғау мәселелерін қарастыру;

Сызба материалдар тізімі (5 парақ сызбалар көрсетілген)

1. Таспалы конвейердің жалпы көрінісі; 2. Бас жетектегі редуктор сызбасы; 3. Құбыр таспалы конвейер сызбасы; 4. Конвейер жетегінің сұлбасы. 5. Тиеуші бункердың сұлбасы.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 11 атау.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада тау-кен қазбаларын жерасты таспалы конвейерлермен тасымалдау жобасы қарастырылған.

Технологиялық бөлімінде "Молодежная" жер асты кен орнының негізгі геологиялық сипаттамасы келтірілген.

Есептік-жобалау бөлімінде конвейерлік қондырғының жалпы негізгі параметрлерінің есебі көрсетілген.

Арнайы бөлімде стандартты таспалы конвейерлердің жалпы сипаттамалары және оларды жаңғырту көрсетілген.

Эксплуатациялық бөлімде таспалы конвейер мен электромеханикалық жабдықтарға жалпы күтім жасау қарастырылған.

Еңбекті қорғау бөлімінде адамдардың өміріне қауіп төндіретін зиянды факторлар жайында және оларды жою жөніндегі іс-шаралар қаралды.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматривается проект транспортировки горных выработок подземными ленточными конвейерами.

В технологической части приводится основная геологическая характеристика подземного месторождения "Молодежная".

В расчетно-проектной части показан расчет общих основных параметров конвейерной установки.

В специальной части указаны общие характеристики стандартных ленточных конвейеров и их модернизация.

В эксплуатационной части рассмотрены общий уход за ленточным конвейером и электромеханическим оборудованием.

В разделе охраны труда рассмотрены мероприятия по предупреждению и ликвидации вредных факторов, угрожающих жизни людей.

ANNOTATION

In this graduation project is considered the project of transportation of mine workings underground belt conveyors.

In the technological part describes the basic geological characteristics of the Molodezhnaya mine.

The calculation and design part shows the calculation of the general basic parameters of the conveyor system.

The special part shows the general characteristics of standard belt conveyors and their modernization.

In the operational part indicates the general care of the belt conveyor and electromechanical equipment is considered.

In the section on environmental protection, measures for the prevention and elimination of harmful factors threatening people's lives are considered.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Технологиялық бөлім	6
1.1 Молодежная кен орнының геологиялық сипаттамасы	7
1.2 Кеніштің өнімділігі және ашу сипаттамасы	7
1.3 Кенді қазу жүйесі	7
1.4 Дайындық және тазарту жұмыстары	7
1.5 Кен қазбаларындағы таспалы конвейерлер	8
2 Есептік жобалау бөлімі	9
2.1 Конвейер типін таңдау	9
2.2 Таспа типін таңдау	10
2.3 Таспалы конвейердің таспасының салмағын есептеу	11
3 Эксплуатациялық бөлім	16
3.1 Таспалы конвейерлердің эксплуатациясы	16
3.2 Таспалы конвейерлердің роликтеріне күтім жасау	16
3.3 Жетек, электр жабдықтары, тарту құрылғылары және автоматтандыру құралдарына қызмет көрсету	19
3.4 Конвейер қондырғыларындағы майлау жүйесі	20
3.5 Таспалы конвейердің таспасына күтім жүргізу	21
4 Арнайы бөлім	23
4.1 Таспалы конвейерлердің жалпы сипаттамалары	23
4.2 Құбырлы таспалы конвейерлер	24
4.3 Ұсыныс бойынша қорытынды	27
5 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	28
5.1 «Молодежная» кенішінде ұйымдастырылатын өндірістік қауіпсіздіктің негізгі ережелері.	28
5.2 Ауаның шаңдылығы және газдылығымен күресу іс-шаралары	28
5.3 Электр жабдықтарына, электрмен жабдықтауға, байланыс пен автоматтандыруға қойылатын талаптар. Кеніштегі электр қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар	29
5.4 Машиналардағы шу мен діріл	29
5.5 Таспалы конвейерлердің жұмысын бақылау және автоматтандыру	30
Қорытынды	
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	

КІРІСПЕ

Тасымалдау машиналары мен жабдықтарын пайдаланудың нақты шарттарының әртүрлілігі мен талаптарына байланысты тау-кен өнеркәсібінде тасымалдау құралдарының кең спектрін пайдалану қажеттілігі бар. Кен тасымалдау техникасы бір-бірінен әсер ету принципі, тасымалдау тәсілі, көтергіш элементі, тұтынылатын энергия типі, конструкциясы және басқа да сипаттамалары бойынша ерекшеленеді.

Жер асты жұмыстарында ең қарапайым және ең көп қолданысқа ие тасымалдау құралы ол - конвейерлер.

Конвейерлі көлік көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда жеңіл, бұл еңбек сыйымдылығын төмендетуге үлкен мүмкіндік береді. Конвейер көлігі горизонталь жайпақ аз көлбеулі кен қабаттарын қазу кезінде, шахталардың тазалау забойларынан кенді жеткізуді механикаландырудың негізгі құралы болып табылады.

Конвейер көлігі өте үлкен жүк ағымдары кезінде (6000 т/сағ дейін) және салыстырмалы қысқа (3000 м дейін) қашықтықтарға тасымалдау кезінде рудалы шахталардың қазып алу учаскелерінде, магистральды қазбаларда және көлбеу оқпандарда жиі пайдаланылып келеді. Бірнеше конвейерлерді тізбектестіріп қойған кезде үйінді жүктерді кез-келген қажет қашықтыққа тасымалдай алады.

Қазіргі уақытта көмір және рудалы шахталарда конвейерлердің мынадай конструкциялық түрлері пайдаланылады: ысырмалы - көбінесе пайдалы қазбаны тазалау забойы бойынша тасымалдау үшін қолданылады; тақташалы - жоспарында қисық учаскелері бар учаскелік және магистральды тасымалдау қазбаларында пайдаланылады (қазіргі уақытта өте сирек пайдаланылады); таспалы - горизонтқа еңкіштік бұрышы 18 градусқа дейін болатын түзу сызықты қазбаларда қолданылады; таспалы-сым арқанды - ұзындығы салыстырмалы түрде ұзын (5-10 км), еңкіштік бұрышы 12 градусқа дейін болатын түзу сызықты тасымалдау қазбаларында қолданылады; конвейерлердің арнайы түрлері - дірілді, тербелісті, бұрандалы және т.б қосалқы тасымалдау операциялары үшін (ұсақтау және байыту фабрикаларының ішінде қысқа трассаларда түсіргіштер ретінде).

Таспалы конвейерлердегі таспа үстінде жатқан жүк онымен бірге стационарлы роликті тіреуіштермен қозғалып отырады. Тартқыш күш конвейерлік таспа жетегінен беріледі, таспа бір уақытта тартқыш және жүк алып жүруші орган болып табылады.

Қарапайым таспалы конвейерлер - рамадан, таспа, кен қабылдағыштан, тартқыш роликтерден, жетекші және жетектегі барабаннан, электрқозғалтқыш және оны жетекші барабанмен қосатын редуктордан тұрады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Молодежная кен орнының геологиялық сипаттамасы

Хромтауда негізінен шөгінді жыныстар дамыған. Бұл жерде барлық полезой жүйесі және түзілістері белгілі, мезазой және кайназой шөгінділері бар. Тас көмір шөгінділері аса кең дамыған.

Молодежная кен орны жоғары тиімділікпен жер асты тәсілінің жүргізуіне аса қолайлы жағдайларымен ерекшеленеді.

Бұл жағдайларға мыналар жатады:

- 1) кен сілемдерінің шахта тәріздес сипаты;
- 2) жайпақ (жатық, еңіс) және үлкен аландардағы кен сілемдерінің жазық жатуы;
- 3) көп сатылы кернеуі, мұнда қазба жұмыстарының бір уақытта 2-3 кен деңгейлерінде жүргізуіне болады;
- 4) жанас жынысты кендер салыстырмалы жоғары беккемділікке ие.

1.2 Кеніштің өнімділігі және ашу сипаттамасы

Шахтаның жылдық өндіруі жылына 2000 мың. т шикі кенді құрайды. Даярлық-ойықты жұмыстардың меншікті шығындары 1000 т өндіруге 24,1 м құрайды.

Шахталы алқап шекарасына 22 кенді дененің хромитті кендер қорлары және жерасты өңдеуге арналған карьера астындағы қорлар кіреді. Созылып жатқан шахталы алқаптың жалпы ұзындығы 1600м, ал ені 300 м құрайды.

«Молодежная» шахта алқабындағы хромитті кендердің теңгерімдік қорлары теңгерімдік кестеде көрсетілген.

1.1 кесте – Теңгерімдік кесте

Қабаттар	Теңгерімдік қорлар, мың м ²				Кенді дененің көлденең ауданы, мың м ²
	B + D		C ₂		
	қорлар, мың.м ²	құрамы	қорлар, мың.м ²	құрамы	
Қаб. ± 0 м	712	46,4	1170	47,6	5
Қаб. - 55 м	1608	49,0	2577	46,5	10
Қаб. -135 м	31076	51,6	-	-	100
Қаб. -215м	17006	51,6	-	-	77

Деңгейжиек бойынша кенорынды ашу кенорынның жатқан және аспалы беткейлері бойынша негізгі ашу квершлагтарымен және тасып шығаратын штректермен қаралады. Жатқан және аспалы беткейлердің

штректері жүк тиейтін орталармен өзара 60 метр бойынша шатасады. Деңгейжиек бойынша кен және жыныстардың көлігі ретінде электровоз қабылданған. Даярлық-ойықты жұмыстардан жыныстар «Скипті» ұңғыдан скипті жынысты көтермемен шығарылады. Кен тазарту жұмыстарынан жеке-жеке ағындармен (бай және кедей) ұнтақталып-қайта шығарылатын кешенге түседі. Бұл кешен оған қызмет көрсету және оны жөндеу кешені бар 900 x 1200 екі жақтаулы уатқышпен жабдықталған.

1.3 Кенді қазу жүйесі

Панельдік-діңгекті жүйе Молодежный кенішінің ауқымды жайпақ мыс және көп металды кеніштерде кенінен пайдаланылады. Мұның басты себебі өндіріске жоғары өнімді өзі жүргіш жабдықтарды енгізу, әсіресе басты өндірістік үрдістермен қосалқы жерасты жұмыстарын механикаландыруға мүмкіндік тудыру. Қазу жүйесінің маңызы, панельдік тәсілмен дайындалған кеніш алабын алу панельдеріне бөлініп, олардың қоры тұтас кенжарлардан «жұлдызды» ұңғымаларды пайдаланып, кенжар алаңы қарнақы бекітпелермен бекітіліп, қазылған кеңістік аракідік толтырымдалады. Қазылған кеңістіктердің ұңғымаларды өткелдегі алынған тау жыныстарын лақтыру-толтырым жабдықтары арқылы аракідік ретімен толтырылады.

Жоғарыда талданған қазу жүйесінің артықшылықтары және кемшіліктері

Артықшылықтары: Кенжардағы жұмысшылар еңбегінің өнімділігінің жоғарылығы, кең көлемдегі механизацияға бұрғылау және тиеп-тасымалдау жұмыстарының тиімді шарттары. Желдетуге толық қанағаттанарлық шарттар.

Кемшіліктері: Діңгектер қалдыру кезіндегі кеннің жоғалымы, төбе жыныстарын ұдайы бақылап, оны мерзімінде сапалы опырып тұру қиындығы.

1.4 Дайындық және тазарту жұмыстары

Дайындық кен орталарымен және штректермен жүргізіледі. Ұңғымадағы қима $6,7\text{м}^2$, жарықтықтағы қима $4,3\text{м}^2$ болып келеді. Бекіту СВП-29 бейіндегі күшейтілген екі еселенген қолқалы бекітпемен жүргізіледі. Қазіргі уақытта өңдеуде -130м деңгей жиекте 57-60 блок және -130м деңгейжиекте 54-57 блок орналасқан.

Шахтадағы 215 м деңгей жиектегі орталық бөлікті (қуаттылығы 80-13м) өңдеу үшін жоба бойынша жасанды салмақ түсетін платформасы бар қабатты өздігінен құлау жүйесі қабылданған.

Кенорын блоктармен өңделеді, сол үшін шахталы алқап созылыс бойынша блоктарға бөлінеді. Блоктардың ені 60 метрге, ал ұзындығы деңгейжиекті қуаттылыққа сәйкес.


Тазарту блогының өнімділігі жылына 600-900 мың. т құрайды.

1.5 Кен қазбаларындағы таспалы конвейерлер

Таспалы конвейерлердің негізгі элементтері - резеңке таспа және ұштық барабандар, олардың бірі-жетекті, екіншісі-тартқыш немесе жетектегі болып келеді.

Таспаның жоғарғы бөлігінде жүк тасымалданады, ол жүк тасушы (жұмысшы) бөлігі болып табылады, ал төменгі тармақ бос (жұмыс істемейтін) бөлігі болып табылады. Жолдың барлық бойында таспа конструкциясына байланысты тегіс немесе науалы пішінді жоғарғы және төменгі тармақтардағы роликкооптармен ұсталады.

Конвейердің үдемелі қозғалысы фрикционды жетектен беріледі, ал таспаның бастапқы керілуі керме құрылғысымен қамтамасыз етіледі. Жүк лентаға бір немесе бірнеше тиеу құрылғылары арқылы түседі. Таспаны жүктің жабысқан бөлшектерінен тазарту үшін тазалау құрылғылары орнатылады [1].



1 - жетек барабаны; 2 - тиеу науасы; 3 - тартқыш ролигі;
4 - тазалау құрылғысы; 5 - ауытқу барабаны; 6 - шеткі барабан;
7 - амортизациялаушы роликпоралар;
8 - төменгі роликпоралар; 9 - таспа; 10 - жоғарғы роликпоралар
1.1 Сурет – Таспалы конвейердің конструктивтік сызбасы

Таспадағы жүктің тұрақты орналасуын қамтамасыз ету үшін конвейердің көлбеу бұрышы жүктің таспаға үйкеліс бұрышынан $10-15^\circ$ -қа аз болуы тиіс, өйткені қозғалыс кезінде таспа роликті тіректерде сілкілейді және жүк төмен қарай сырғиды. Көлбеу учаскесі бар конвейерлерде міндетті түрде тежегіш орнатылады.

Таспа жетек барабанының айналуынан туындайтын үйкеліс күшімен қозғалысқа келтіріледі. Алдын ала тарту күші тарту құрылғысы арқылы жасалады. Ол шеттік барабанда немесе лентаның бос тармағында орнатылады.

2 Есептік жобалау бөлімі

2.1 Конвейер типін таңдау

Конвейердің қажетті өнімділігі:

$$Q = \frac{A_{ay} K_6}{T_{ay} K_m} = \frac{1000 \cdot 450}{6 \cdot 0,8} = 93750 \text{ т/сағ}, \quad (2.1)$$

мұндағы A_{ay} - берілген ауысымдық өнімділік, т/ау;

K_6 - беркелкісіздік коэффициенті;

$T_{ay} = 6$ – ауысым ұзақтығы, сағ.;

$K_m = 0,8$ – машиналық уақыт коэффициенті.

Таспаның өнімділік бойынша қажетті ені:

$$B_1 = 1,1 \left(\sqrt{\frac{Q}{K_{\pi} \cdot V \cdot \gamma \cdot c}} + 0,05 \right) = 1,1 \left(\sqrt{\frac{93750}{450 \cdot 1,6 \cdot 1,1 \cdot 1}} + 0,05 \right) = 1,2 \text{ м.} \quad (2.2)$$

Таспаның қопсытылған кен кесегі бойынша қажетті ені:

$$B_2 = 2a_{max} + 0,2 = 2 \cdot 0,3 + 0,2 = 0,8 \text{ м}, \quad (2.3)$$

мұндағы K_{π} - конвейердің өнімділік коэффициенті;

V - таспаның жылдамдығы, м/с;


γ - үйінді кен тығыздығы, т/м³;

c - конвейер өнімділігінің оны орнату бұрышына байланысты өзгеруінің ескеру коэффициенті; ($c=1$ $\beta=0-10$ град болғанда, $c=0,92$ $\beta=10-15$ град болғанда, $c=0,87$ $\beta=15-18$ град болғанда);

a_{max} - кен кесегінің ең үлкен мөлшері, м;

B_1 және B_2 - ең үлкен мәндері бойынша таспаның ені қабылданады. Қалыпты қатар бойынша: $B=0,8; 1,0; 1,2$ м.

Конвейердің жалпы өнімділігі таспаның ұзындығына және жолдың еңістік бұрышына байланысты өте қатты өзгереді. Себебі, кенді тасымалдайтын жолдың ұзындығы мен еңістік бұрышты ұлғайтқан кезде, конвейер жүкті тасымалдауға қажетті қуатты көп талап ете бастайды және оны тасымалдауға кедергі күштер арта бастайды. Конвейердің ұзындығын ұлғайту, таспаның қалыңдығы мен беріктігін одан әрі ұлғайтуды, жетек барабанының диаметрін ұлғайтуды, жетек қуатын ұлғайтуды және т.б. талап етеді. Бұл көрсеткіштердің өзгеру графигін 2.1-суретте көрсетіп кеттік [8].



2.1 Сурет – Конвейер өнімділігінің оның ұзындығына және орнату бұрышына тәуелділік графигі

Берілген таспаның жылдамдығына және қабылданған таспа енінен сәйкес конвейердің орнату бұрышына байланысты 2.2-кестеден конвейер типін таңдаймыз.

Конвейер көрсеткіштері: жүкпен және бос тармақтардағы роликтерді тіректердің айналыстағы бөлшектерінің массасы G'_P және G''_P ; жүкпен және бос тармақтардағы роликтерді тіректердің ара қашықтығы l'_P және l''_P ; жетекші барабанның тарту факторы $e^{\mu\alpha}$ 2.3-кесте бойынша қабылданады.

2.2 Таспа типін таңдау

Конвейердің орнату бұрышы $\beta \geq 0$ градус болғандағы тарту күші:

$$F = W_0 = \frac{1000 \cdot N \cdot \eta_n}{v \cdot K_m} = \frac{1000 \cdot 40000 \cdot 0,85}{1,6 \cdot 1,2} = 17 \cdot 10^6 \text{ Н.} \quad (2.4)$$

Конвейердің орнату бұрышы $\beta < 0$ градус болғандағы қозғалтқыш күші:

$$P = -W_0 = \frac{1000 \cdot N}{v \cdot K_m \cdot \eta_n} = \frac{1000 \cdot 40000}{1,6 \cdot 1,2 \cdot 0,85} = 24 \cdot 10^6 \text{ Н,} \quad (2.5)$$

мұндағы N - конвейер қозғалтқышының жалпы қуаты, кВт;

$\eta_n = 0,85$ – беріліс механизмінің ПӘК-і;

v - таспа жылдамдығы, м/с;

K_m - қозғалтқыш қуатының қор коэффициенті.

Жоғарыдағыға сәйкес таспаның ең үлкен керілуі:

$$S_{max} = F \frac{e^{\mu\alpha}}{e^{\mu\alpha}-1} = 17 \cdot 10^6 \frac{4,84}{4,84-1} = 20 \cdot 10^6 \text{ Н}, \quad (2.6)$$

$$S'_{max} = P \frac{e^{\mu\alpha}}{e^{\mu\alpha}-1} = 24 \cdot 10^6 \frac{4,84}{4,84-1} = 30 \cdot 10^6 \text{ Н}, \quad (2.7)$$

мұндағы $e^{\mu\alpha}$ - тарту факторы.

Таспа қатпарларының беріктік шегі ең кіші мәнде болғандағы қажетті қатпар саны (жоғары бүтін санға дөңгелектенеді):

$$i = \frac{K_3 S_{max}}{100 \cdot B \cdot G_P} = \frac{9 \cdot 20 \cdot 10^6}{100 \cdot 0,8 \cdot 22} = 102272, \quad (2.8)$$

$$i = \frac{K_3 S'_{max}}{100 \cdot B \cdot G_P} = \frac{9 \cdot 30 \cdot 10^6}{100 \cdot 0,8 \cdot 19} = 177631, \quad (2.9)$$

мұндағы $K_3=9$ –таспаның беріктік қор коэффициенті.

Егер 8,9 – формуладан алынған қатпар саны 2.4-кестедегі шекті мәннен асып кетсе, онда σ_p мәні біртіндеп қатпарлар саны шектіге жеткенше үлкейтіледі. $\sigma_p=980, 1180, 1470, 1960, 2940$ Н/см. Есептеу нәтижесіндегі σ_p және i мәні бойынша 4-кестеден таспаның басқа көрсеткіштері қабылданады: қатпар қалыңдығы – S ыстық және жұмыстық емес қатпар қалыңдығы – S' және S'' [8].

Егер резеңке маталы таспаның қатпар саны шекті мәннен асып кетсе, онда резеңке сым арқанды таспа қабылданады және оның шекті мәнге дейінгі керілуі анықталады.

Шекті мәнге дейінгі керілуі:

$$S_{\partial.max} = \frac{100 \cdot B \cdot \sigma_p}{K_3} = \frac{100 \cdot 0,8 \cdot 980}{9} = 8711 \text{ Н}. \quad (2.10)$$

10 – формуладан алынған $S_{\partial.max}$ мәні $\beta \geq 0$ градус болғанда 6 формуладағы S_{max} -мен, ал $\beta < 0$ градус болғанда 7 –формуладағы S'_{max} -мен салыстырылады.

$S_{max} > S_{\partial.max}$ немесе $S'_{max} > S_{\partial.max}$ болғанда 2.4-кестеден σ_p үлкен мәндегі таспа $S_{max}, S'_{max} - S_{\partial.max}$ жеткенше қабылданады.

2.3 Таспалы конвейердің таспасының салмағын есептеу

Қабылданған конвейер және таспа типі үшін жүктің массасы:

$$q = \frac{Q}{3,6 \cdot V} = \frac{93750}{3,6 \cdot 1,6} = 16276 \text{ кг/м}. \quad (2.11)$$

Таспаның төсеніш салдарын $i=6$ ретінде алып, оның салмағын келесі формула арқылы табамыз:

$$q_0 = 1,1B(\delta i + h_1 + h_2), \quad (2.12)$$

$$q_0 = 1,1 \cdot 1,2 \cdot (1,25 \cdot 6 + 4 + 2) = 17,82 \frac{\text{кг}}{\text{м}},$$

мұндағы $1,1$ – таспаның салмағы, т/м^3 ;

$\delta = 1,25 \text{ мм}$ – төсеніштің қалыңдығы;

$h_1 = 4 \text{ мм}$ – жоғарғы қоршаудың қалыңдығы;

$h_2 = 2 \text{ мм}$ – төменгі қоршаудың қалыңдығы.

Ауырлық контурдың өзіндік нүктелеріндегі керілуі:

$$S_2 = kS_1 = 1,03S_1, \quad (2.13)$$

мұндағы $k=1,03$ – таспамен ауытқыған барабанның қармау бұрышы 90° кем.

$$S_3 = kS_2 = 1,04 \cdot 1,03S_1 = 1,07 S_1; \quad (2.14)$$

$$S_4 = kS_3 = 1,05S_3 = 1,05 \cdot 1,07 S_1 = 1,12S_1; \quad (2.15)$$

$$S_5 = kS_4 = 1,04S_4 = 1,04 \cdot 1,12 S_1 = 1,165S_1; \quad (2.16)$$

$$S_6 = S_5 + W_{5-6}. \quad (2.17)$$

Таспаның қозғалысына түсетін кедергі осы түрде табылады:

$$W_{5-6} = (q_0 + q_p'') L_{5-6} w'; \quad (2.18)$$

$$S_6 = S_5 + (q_0 + q_p'') L_{5-6} w' = 1,165 S_1 + (17,82 + 8,7) \cdot 45 \cdot 0,03 = 1,165S_1 + 42,$$

мұндағы w' – таспаның қозғалысына кедергі коэффициенті, $w' = 0,035$ деп қабылдаймыз;

L_{5-6} – телімнің ұзындығын шамамен $L_4 = 72 \text{ м}$ телімнің ұзындығына тең деп аламыз.

Түсіру арбасының шеткі оң жағдайы үшін:

$$L_{14-15} = L_4 = 45 \text{ м}. \quad (2.19)$$

Өзіндік нүктелердегі таспаның керілуінің $S_1 = 1126$: кезінде сандық мәндерін анықтаймыз:

$$S_2 = kS_1 = 1,03S_1 = 1,03 \cdot 1126 = 1160,$$

$$S_3 = kS_2 = 1,04 \cdot 1,03S_1 = 1,07 \quad S_1 = 1,07 \cdot 1126 = 1205,$$

$$S_4 = kS_3 = 1,05S_3 = 1,05 \cdot 1,07 \quad S_1 = 1,12S_1 = 1,12 \cdot 1126 = 1261,$$

$$S_5 = kS_4 = 1,04S_4 = 1,04 \cdot 1,12 \quad S_1 = 1,165S_1 = 1,165 \cdot 1126 = 1312,$$

$$S_6 = S_5 + W_{5-6} = 1,165S_1 + 42 = 1354,$$

$$S_7 = 1,18S_1 + 42,5 = 1357,$$

$$S_{16} = 6013.$$

Таспаның максималды иілуі мына шартты орындауы тиіс:

Бос тармақ үшін:

$$y_{max} = \frac{q_0 \cdot (l_p'')^2}{8S_g} \leq 0,025l_p'', \quad (2.20)$$

$$y_{max} = \frac{17,82 \cdot 9}{8 \cdot 1563} = 0,0128 \leq 0,075 \text{ м}, \quad (2.21)$$

мұндағы $l_p'' = 3 \text{ м}$.

Жұмыстық тармақ үшін:

$$y_{max} = \frac{(q_0 + q) \cdot (l_p')}{8S_{11}} \leq 0,025l_p', \quad (2.22)$$

$$y_{max} = \frac{(101,9 + 17,82) \cdot (1,2)}{8 \cdot 1519} = 0,0105 \leq 0,03 \text{ м}. \quad (2.23)$$

мұндағы $l_p' = 1,2 \text{ м}$.

Таспаның иілуі оның минималды тартылуы кезінде рұқсат етілген шамада тұр [5].

2.1 кесте – Кен орнындағы конвейер бойынша бастапқы берілімдер

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштер
Тазарту бөлімінің ауысымдық өнімділігі A_{ay} , т/ау	1000
Жеткізу қашықтығы, м	300
Конвейердің орнатылу бұрышы, град (“+” –өрге; “-” – төмен)	+3
Ең үлкен кен кесегінің мөлшері a_{max} , м	0,3
Үйінді кен тығыздығы γ , т/м ³	1,1
Таспа жылдамдығы v , м/с	1,6
Конвейердің өнімділік коэффициенті K_d	450
Жетекші барабан түрі (0-қаптаусыз; 1-қаптаулы)	0
Кеніштік атмосфера (0-дымқыл; 1-құрғақ)	1

2.2 кесте – Конвейерлерді пайдалану жағдайы

Таспа жылдамдығы, м/с	Таспа ені, м	Конвейердің көлбеу бұрышы, град		
		0-ден +6-ға дейін	+6-дан +18-ге дейін	0-ден -18-ге дейін
1,6	0,8	1Л80	-	1ЛБ80
	1,0	1Л100	1ЛУ100	1ЛБ100
2,0	0,8	2Л80	-	2ЛБ80
	1,0	-	2ЛУ100	2ЛБ100
	1,2	-	-	2ЛБ120

2.3 кесте – Конвейердің техникалық сипаттамасы

Конвейер типі	Таспа ені	Жылдамдығы, м/с	Қозғалтқыштар қуаты, кВт	Роликті тіректердің айналыстағы бөлшектерінің массасы, кг			Роликті тіректердің арақашықтығы, м	Тарту факторының мәні
				G'_p	G''_p	l'_p	l''_p	Құрғақ атмосфера
1Л80	0,8	1,6	40	22	19	1,3	2,6	10,5
2Л80	0,8	2,0	80	32	19	1,3	2,6	10,5
1Л100	1,0	1,6	200	25	21,5	1,2	2,4	10,5
1ЛУ100	1,0	1,6	200	25	21,5	1,2	2,4	3,51

2.3 кестенің жалғасы

2ЛУ 100	1,0	2,0	500	25	21,5	1,2	2,4	3,51
1ЛБ 80	0,8	1,6	40	22	19	1,3	2,6	3,51
2ЛБ 80	0,8	2,0	80	22	19	1,3	2,6	10,5
1ЛБ 100	1,0	1,6	100	25	21,5	1,2	2,4	3,51
2ЛБ 100	1,0	2,0	250	25	21,5	1,2	2,4	10,5
2ЛБ 120	1,2	3,15	500	29	26	1,2	2,4	10,5

2.4 кесте – Резеңке металл таспалардың техникалық сипаттамасы

Таспа ені, м	Қатпардың беріктік шегі, Н/см	Қатпар саны		Қатпар қалыңдығы Si, мм	Қаптағыш қалыңдығы, мм	
		Ең кіші	Ең үлкен		Жұмыстық S'	Жұмыстық емес S''
0,8-1,2	540	3	8	1,15	3	1,0
0,8-1,2	980	3	8	1,60	4,5	2,0
0,8-1,2	1180	4	6	1,60	1,3	1,3
0,8	1470	3	6	1,90	3,0	1,5
1,0-1,2	1470	3	8	1,90	3,0	1,5
0,8-1,2	1960	3	6	1,40	4,5	2,0
0,8-1,2	2940	3	6	1,60	4,5	2,0

3 Эксплуатациялық бөлім

3.1 Таспалы конвейерлердің эксплуатациясы

Таспалы конвейерлерді эксплуатациялау түсінігі ретінде конвейерді жарамды күйде ұстауға бағытталған техникалық, ұйымдастырушылық және жөндеу іс-шараларының жиынтығы айтылады.

Конвейерлерге техникалық қызмет көрсету мыналардан тұрады:

- 1) жекелеген бөлшектер мен тораптардың күйін бақылау;
- 2) механизмдерді шаң мен кірден тазарту;
- 3) мойынтірек тораптары мен үйкеліс беттерін майлау;
- 4) жекелеген бөлшектер мен тораптардың орналасуын реттеу;
- 5) басқару жүйелерінің жұмысын және конвейердің қауіпсіздігін

тексеру.

Бұлардан басқа, жаңа техника мен озық тәжірибелерді енгізу негізінде стандартты жабдықты пайдалануды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ зақымдануларды жоюға байланысты жөндеу жұмыстары көзделеді [2].

3.2 Таспалы конвейерлердің роликтеріне күтім жасау


Роликтерге қызмет көрсету олардың жай-күйін бақылау және мерзімді майлау іс-шараларын жүргізуге байланысты. Майлау жүйесінің бұзылуынан айналу жылдамдығының азаю немесе мойынтірек түйінінің істен шығуына байланысты роликтің толық тежелуі, таспаның қалыпты жүрісінің бұзылуына, оның тез тозуына, пайдалы қуаттың қосымша шығындарына және жиі апаттық жағдайларға алып келеді.

Дисульфид немесе графит түрінде толтырғыштары бар металл керамикалық композицияда дайындалатын мойынтіректердің төлкелерін, роликтерді қолдануға болады. Мұндай мойынтіректі тораптар өздігінен майланатын топқа жатады. Үйкеліс коэффициенті 0,03—0,04 кезінде өздігінен майланатын роликтерді қолдану температурасы +365-ден -250° C болады.

Роликтерді майлаудың айналмалы және жекеше майлау жүйелері қолданылады. Көп еңбекті қажет ететін жеке қызмет көрсету шприцтер немесе пистолеттер көмегімен қалың майлайтын жүйелерімен жүргізіледі. Роликтерге орталықтандырылған майлау жүйесін пайдалану тәжірибесі көрсеткендей, жиі зақымданулар салдарынан БНЗ-3 және БНЗ-3М Бердян тәжірибелі мұнай-химия зауытының ұзақ әсер ететін майлары өзін жақсы көрсете білді.

Роликтерді ауыстыру таспаны көтеру, қосу тораптарын бекіту, роликтерді бөлшектеу (немесе монтаждау) жолымен жүзеге асырылады. Тартылған таспаны көтеру үшін арқанды құбыр және шығыры бар тіреуіш кронштейндер түріндегі қарапайым конструкциялы құрылғы пайдаланылады.

Арқан өткізілген құбыр таспаның астына қойылады. Арқанның бір ұшы ілмектің көмегімен төменгі кронштейнге, ал екіншісі жоғарғы кронштейнге орнатылған шығырға бекітіледі. Шығырдың тұтқасын айналдыра отырып, құбырларды таспамен бірге көтереді және роликтерді ауыстыруды жүргізеді.



а-құбыр мен шығырдың көмегімен: 1-құбыр; 2-арқан; 3-лебедка;
б-өздігінен жүретін қондырғының көмегімен: 1-лебедка; 2-жебе; 3-шасси; 4-шпор

3.1 Сурет – Роликтерді ауыстыру

Роликтерді пайдалануда жетілдірудің мақсаты ең алдымен олардың тозуын азайту болып табылады. Осыған байланысты іс-шараларды төрт негізгі топқа жатқызуға болады:

- 1) стандарттау және конвейер тораптарының оңтайлы параметрлерін таңдау;
- 2) роликтерді дайындау технологиясын жақсарту;
- 3) анағұрлым жетілдірілген құрылымдарды жасау, әсіресе мойынтіректі тораптарды, тығыздағыштарды және майлау түрлерін орындау бөлігінде;
- 4) монтаждың технологиясын жақсарту.

Таспалы конвейерлердегі роликтер пайдаланудың әр түрлі жағдайларына арналған байланысты 40 типтік өлшемі бар. Олар таспаның еніне байланысты сұрыпталған. Мысалы, таспа ені 400-650 мм ленталар үшін, 800-1200 мм және 1400-1600 мм т.с.с. Әр топ үшін роликтердің 2-3 түрін қолдану қарастырылған (жеңіл, қалыпты және ауыр).


Жаңа роликтерде ұзақ мерзімді салмалы майлауы бар жабық домалау мойынтіректері, штампталған бөлшектерден жасалған байланыссыз лабиринттік тығыздағышы бар.

Жалпы мақсаттағы конвейерлерге арналған роликтердің түрін таңдау тасымалданатын абразивті жүк тобына байланысты жүзеге асырылады.

Таспалы конвейерлердің мойынтіректеріне динамикалық жүктемелердің төмендеуіне, роликтің диаметрін оңтайлы таңдау айтарлықтай шамада ықпал етеді. Оның диаметрі тасымалданатын жүктің тығыздығына, лентаның еніне және оның қозғалыс жылдамдығына байланысты анықталады.

Үлкен ұзындықтағы жоғары өнімді таспалы конвейерлерді жобалау кезінде, бүкіл тасымалдау жолы бойынша роликтердің оңтайлы қадамын орнату ұсынылады. Атап айтқанда, таспаның еніне, массасына және конвейердің ортаңғы бөлігі үшін жүктің жекелеген кесектерінің мөлшеріне байланысты роликтер арасындағы қашықтықты негізге алу қажет. Конвейердің басқа учаскелеріндегі роликтер арасындағы қашықтық орта бөлікке қатынаспен қабылданады (әдетте ең көп тарту аймақтарында 15-20% - ға көп). Тиеу құрылғысын орнату аймағында кесек жүкті жеткізу кезінде 3-5 амортизациялайтын роликтер орнатылады.

Таспаға және роликтерге кен соққыларының кесірінен түсетін жүктемелерді тек қана амортизациялайтын роликтер есебінен ғана төмендетілмейді. Соққы күшіне роликтердің серпімділігі елеулі әсер етеді. Қаптау үшін қолданылатын резеңкенің икемділігі салыстырмалы төмен. Аз серпімділік модулі бар резеңкені пайдалану тиімділігі шамалы. Осыған байланысты үлкен икемділігі бар роликтерді жасау жолдары іздестіріледі.



а-тікбұрышты; б-екі тавр түрінде; в-сферикалық; г-корпуспен байланысы үшін деформацияланатын; 1-корпус; 2-серпімділік элемент; 3-мойынтірек стаканы; 4-кергіш сақина; 5-шайба; 6-сақиналы шығыңқы; 7-қосқыш қақпақ

3.2 Сурет – Серпімді элементтері бар роликтер

М. А. Лаврентьева атындағы гидромеханика институтымен корпусның мойынтіректі стакандармен байланысы серпімді элементтер арқылы жүзеге асырылатын ролик енгізді. Ролик мойынтіректерге және конвейерге арналған динамикалық жүктемені азайтуға, сондай-ақ осьтің майысуынан мойынтіректерге майысу сәтін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Сыртқы жүктеменің 1-ден 4 кН дейінгі әрекеті кезінде подшипник түйінімен

қабылданатын сәттің шамасы, қатты ролик үшін 7-35 Н-м, ал серпімді элементі бар ролик үшін 0,2-1,2 Н-м құрайды [11].

3.3 Жетек, электр жабдықтары, тарту құрылғылары және автоматтандыру құралдарына қызмет көрсету

Жетектер мен тарту құрылғыларына қызмет көрсету - алдын ала тексеру, тазалау, реттеу, баптау, майлау және жабдықтардың нұсқаулығына сәйкес әр түрлі жөндеу жұмыстарын жүргізу болып табылады.

1) жетектің электр аппаратурасына қызмет көрсету процесінде жүзеге асырылатын негізгі жұмыс түрлеріне мыналар жатады:

2) жиналған шаң-тозаңды жою үшін аппаратураны сығылған ауамен үрлеу;

3) жанып кеткен контактілерді тазалау;

4) контактілерді қысу күшін реттеу;

5) іске қосу, реттеу кедергілерінің жағдайын тексеру;

6) жарамсыз катушкаларды, релені ауыстыру;

7) өткізгіштердің зақымдалған жерлерін дәнекерлеу;

8) жерлендіру техникасын тексеру.

Қуаты 50 кВт артық жетек үшін конвейерді жүктемемен бірқалыпты іске қосылуы тексеріледі. Барабандардың бөлек жетегі бар таспалы конвейерлерде амперметр көмегімен жетек барабандары арасында жүктемені дұрыс бөлуді бақылау ұсынылады.

Жетекті және тарту құрылғыларын жөндеу ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде тораптар мен бөлшектерді ауыстыру немесе қалпына келтіру жолымен жүзеге асырылады. Күрделі жөндеу кезінде механизмдердің толық демонтажы жүргізіледі. Орташа жөндеу кезінде механизмнің 60-80 %, ағымдағы жөндеу кезінде 40-60% бөлшектенеді.

Ұзындығы үлкен конвейерлерде басқару аппаратурасының құрамына таспаның түсуін, тығындалуын, бүтіндігін және үзілуін, барабанның температурасын, таспадағы жүктің кума массасын, конвейердің өнімділігін бақылау датчиктері кіруі мүмкін.


Жетектерді, тарту құрылғыларын және автоматтандыру құралдарын эксплуатациясын жетілдіру негізінен жабдық жұмысының сенімділігін арттыру бағытында жүзеге асырылады. Жетек пен тарту құрылғыларының сенімді жұмысы, негізінен таспаның барабандарға қатысты айтарлықтай сырғуы болмаған кезде, тарту күшінің берілуін қамтамасыз етумен байланысты. Жетекті барабандарды жоғары тартқыш қасиеттері бар және өзін-өзі тазалауға қабілеті бар қаптамалармен жарақтандыруды қарастыру қажет. Қаптамалар резеңкеден, синтетикалық материалдардан, ағаштан, қыштан жасалады және тегіс немесе кедір-бұдырлы беті болады. Барабандағы шевронды жырлар кір мен ылғалдың шығарылуына, сондай-ақ таспаның орталықтандырылуына ықпал етеді.

Керамика негізіндегі қаптамаларда жоғары тарту қабілеті бар. Керамикалық қаптама әдетте жеке тікбұрышты немесе доға тәрізді пластиналарда құрастырылады. Жетектің тартқыш мүмкіндіктерін жетек барабанына таспаның қосымша қысылуын қамтамасыз ету арқылы арттыруға болады.

Барабандардың ернеуін қатып қалған материалдардан тазартуды жақсарту үшін ернеуі 40-50 °С температураға дейін қызуды қамтамасыз ететін 10-15 кВт қуаттылығы бар электрлік жылытқыштар қолданылады.

3.4 Конвейер қондырғыларындағы майлау жүйесі

